

Қазақ қоғамы, білім және Абай (социологиялық рефлексия)

Әйтiмбет I.A

философия ғылымдарының кандидаты.

Қазақ қоғамы, білім және Абай тақырыптары әрқашанда өзекті мәселелердің бірі болып саналатын. Сондықтан бұл мәселелер бойынша жазылған ғылыми еңбектер де баршылық. Дегенменде қазіргі заман талабына сай осы мәселелердің бұрын көлеңкеде қалып қалған жайлары ашылып отыр. Сонымен қатар бұл ауқымды үш мәселелердің өзара ішкі бірлестігіне де кезінде айтарлықтай көңіл бөлінбеген еді. Олардың себептері де аз емес.

Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халықтарына арналған 2008 жылғы жолдауында білім саласындағы ең өзекті мәселе етіп білімнің сапасын арттыруды көрсетті [1]. Демек білім мәселесін қарастырғанда осы сапа тұрғысынан қарастыру қажет.

Абай мәселесін де тек қана жалпы білімнің қажеттілігі тұрғысынан емес, сонымен қатар басты назарды білімнің сапасына Абай қалай қарағанына көңіл бөлу.

Қазақ қоғамының жайын қарастырғанда да оның тарихи кезеңдерде басынан кешкен жайларына сай өзгеріске түскен қасиеттері тұрғысынан қарастыру тиімді екені де сөзсіз.

Сонымен қатар осы тақырыпта көрсетілген үш мәселелерді: қазақ қоғамы, білім және тұлға (Абай) қарастыру тек қана үлкен тарихи мезгіл аумағында ғана қарастырылуы тиісті. Тек сонда ғана бұлардың әр қайсысынан және өзара байланыстарының мәні жәнеде ішкі заңдылықтары шынайы ашылады.

Ал социологиялық рефлексия дегеніміз мәселені мүмкін болғанынша біртұтас және адами тұрғыдан қарастыру арқылы ұғыну, түсіну. Қоғам дегеніміз адамсыз болуы мүмкін болғанымен де, сол адамдардың адами қасиеттеріне қарсы әрекеттердің басым болған замандар да тарихта аз кездеспеген. Міне, сондықтан да қоғамның өзінің адами қасиеттері мен қатынастарын сақтауда және оларды дамытудағы білім және білім болғанда да тек осы адамның жиыны, жүрегі, ақылына үйлесімді білім болуына шарт.

Қазақ қоғамы тарихи әр түрлі заманды басынан кешірген. Осы кезеңдерді фундаменталды тұрғысынан екі топқа бөлуге болады: бірі еркін, тәуелсіз және екіншісі тәуелсіздігінен айырылған, бодан болған қоғам.

Ежелгі тарихтан сонау түркі қағанаттары, ал одан әріректе Қытай жазбаларында тайға таңба басқандай жазумен жазылған Үйсін елі және соның нақты археологиялық дәлелі Ысық қаласы жанында табылған. Егеменді Қазақстан мемлекетінің символдарының біріне айналған Алтын адам бейнесі қазақ қоғамының егеменді ел кезеңдерінің материалды дәлелдері.

Қазақ қоғамының елдік қағидаларды өздерінің негізгі қағидасы тұтқанын сонау Орхон-Енисай тасжазбаларынан да көрініс тапты. «Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Ығыр болған елдікті, ығыр қағандықты игі қылдым» - [2,188б] деп жазылған.

Ел мен билік бір болған, білікті билеген ол заманда.

Міне, қазіргі егемен Қазақстан мемлекетінің, қазақ қоғамының осы заманда әлемдік елдердің ең алдыңғы қатарында болатындарының рухани негіздері де осы ата-бабаларымыздың өмір сүрген қағидалары мен рухтары.

Қазіргі Біріккен Ұлттар Ұйымы және де басқа да ұйымдардың ұстанымдары осы қазақ қоғамының тәуелсіз, егемен кезеңдеріндегі қағидаларымен іштей үйлесуде. Сондықтан да қазіргі заманда осы қағидаларды біз әрдайым рухани, тарихи мұраларымыз деп, соған сүйене отырып, өзімізге жігер, рух аламыз.

Сонау ХІ ғасырдағы Түркі елдерінің энциклопедиясы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» сол кездегі қоғамның білімге деген көз қарасына көңіл салалық. Білім мәселесі «Құтты біліктің» барлық беттерінде жанама түрінде айтылса да 6 және 10 баптары оған тікелей арналған.

Адамды хақ жаратты да ескерді:
Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.
Ақыл қайда болса, ұлық толады,
Білім кімде, сол білікті болады
Білік мәнін біл, не дейді білген ер
Білім білсең бәле жүрмес іргеден. [3,63-64б]

Білім, ақылдың қасиеттерін, пайдасына арналған 10 бабында былай делінген:

Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,
Білім – жарық, нұрын саған шашатын
Ақыл қолдан, білімнен ер жетілер,
Екеуі мен қадірі артып, бекінер [3,75-76б]
Төрт нәрсе бар, аз деп ұғып кейіме,
Данп пйтқан сөзді түйгін зейінге:
Бұл төртеудің біреуі – жау, бір - өрт,
Үшіншісі, тіршіліктің торы , дерт.
Бұлардан басқа біреуі бар, ол – білім,
Осал көрме төртеуінің еш бірін.
Көп бұлардың пайдасы да, залалы,
Қайсысы беріп, ал қайсысы алады.
Кимйә тектес – білім қорытып, толысар
Ол ордасы ақыл – ойдың тоғысар
Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас,
Еш қарақшы, ұрыға да тоналмас!

Ақыл – білім бейне кісен кісіге
Кісенді ашып бармас қылмыс ісіне
Ақыл, сенің анттасқан нақ жолдасың,
Білім, сенген мейірімді қандасың.
Біліктіге білім – күллі тон асы,
Білімсіздің қылығы – сұм жодасы!
Ақыл керек, білім таңдап аларға,
Білім керек, іске жақсы қарарға.
Жарамды мен жарамсызды көрерге
Керектіні – керексізден бөлەرге.
Барлық іске зерек болса, парықтап,
Ала білсе өз керегін анықтап.
Сонда, толық болар ісің, пішінің,
Білімді асты жейді баппен пісіріп [3, 75-78]

Бұл келтірілген үзінділетін тұжырымдар мыналар: біріншіден, білімді хақ берді деу арқылы білімнің адам қоғам өмірінде алатын орнын өте жоғары қойып отыр. Ол жаратқанның бергені деу арқылы білімді адамның тәні мен болмыс аясынан биікте ұстау. Сол арқылы білімге құдіреттің қасиеті екенін естен шығармау. Екіншіден, білім мен ақылды ылғи да бірге біртұтас бейнелеу. Ақылсыз білім зиян келтіретінін естен шығармау. «Көп бұлардың пайдасы да, залалы» - деп жауды, өртті, дертті соның ішінде білімді де қосқаны сондықтан. Үшіншіден, білім дүниедегі байлықтың қайнар көзі. Ол дүние емес бүгін бар ертең жоқ болатын. Ол ешбір катаклизмге берілмейді. Ұрылар да оны тонай алмайды, өйткені ол адамның ішкі байлығы, одан ажыратып алу мүлдем мүмкін емес. Ондай әрекет далбаса. Білім арқылы қоғам адами қасиетін тарихи жалғастыра алады. Ал сол арқылы жеке адам физиологиялық емес әлеуметтік механизмдер арқылы қамшының сабындай қысқа биологиялық өмірінде бүкіл адамзаттың мыңжылдар жинаған тәжірбиесін бойына сіңіреді және сол арқылы керемет әлеуметтік энергияның, құдыреттің иесі болады. Төртіншіден, білім мен біліктілік деген ұғымды Жүсіп Баласағұн бабымыз бір мағынада қолданып отыр. Кейін қоғам бодандықта өмір кезген замандарда білім мен біліктіліктің, іс пен сөздің, ар, ұят пен адамның құлқының, іс-әрекетінің, тіптен ойлау жүйесінің бөлініп бір-біріне қарсы келетін кездері басталады. Ал, Жүсіп Баласағұн білім тек біліктілікке табиғи жетеді, олар бір-бірінен айырылуға мүмкін емес деген сенімде. Оның себебі сол кездегі өмірдің өзінің осылай бір-бірімен тұтастықта жатқаны. Білім тек қана информацияны (ақпаратты) білу емес, ол іс жасау яғни біліктілік. Білікті тек білумен шектелмейді, ол іс жүзінде өзінің білімділігін көрсетеді. Бесіншіден, білімге берген сипаттаманы жалпы жөн. Ондағы негізгі кейіпкерлер Күнтуды (Әділет), Айтолды (Дәулет), Өгдүлміш (Ақыл), Одғұрмыш (Қанағат). Сондықтан білім, біліктілік тек қана осы төрт кейіпкерлердің өзара іштей қатынастары негізінде құрылған жүйе арқылы ғана өзіне тән қасиеттерге ие болып, өзінің қоғамдағы функциясын

атқара алады. Бұл жүйеден тыс білімді қарастыруға болмайды. Міне, сондықтан білім әділеттік, ақылдылық, дәулеттілік, қанағаттылық категориялары арқылы ғана өзінің мәні мен мағынасына ие болады.

Қазақ қоғамы Абай дәуірінде өз егемендігінен айырылып қалғандықтан өзіне табиғи және әлеуметтік тән қасиеттерден зорлап, күштеп және құйтырқы тәсілдер арқылы шеттетілдіру процесіне душар болды. Осыған байланысты абайдың өзі берген сипаттамасын келтіргеніміз жөн болар. «Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық. Рас сөздің кім білер қасиетін. Ақсақалдың, әкенің, білімдінің сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек. Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек, періште төменшіктеп, қайғы жемек. Өзімнің иттігімнен болды демей, 0 жемді ғой деп шайтанға болар көмек. Қалың елім, қазағым, қайран жұртым. Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсыменен жаманды айырмадың. Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың. Бет бергенде шырайың сондай жақсы, қайдан ғана бұзылды сортша сыртың? Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңкей қыртың. Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың. Бас-басыңа би болған өңкей қиқың, мінеки бұзған жоқ па елдің сиқың? Өздеріңді түзелер дей алмаймын, өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың. Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, Алдамаған кім қалды тірі жанды? Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім, жалғыз жарым болмасаң анда-санда. Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық - қарлық, Саналы жан көрдім сөзді ұғарлық. Осы күнде осы елде дәнеме жоқ Мейір қанып, мәз болып қуанарлық. Байлар да мал қызығын біле алмай жүр, Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр. Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғлттып, ызаменен ыржиып күле алмай жүр. Қарындас қара жерге тыға алмай жүр, Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр. Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр. Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі, Не пайда, не залалды біле алмай жүр». [4,46-51]

Қара сөздерінің барлығында да өз кезіндегі қазақ қоғамының адами, кісілік қасиеттерінен айырылу процестерін бейнелеген. Тоғызыншы сөзінде «Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уа, әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам ызалана алмаймын. Күлсем қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі әлдекімдікі» [5,97-986]

Абай осы тұжырымдарға отбасы ошақ қасында отырып келген жоқ. Ол өзінің санаулы өмірінің 18 жылын ел басқару ісіне арнап, оның 12 жылында

болыс, 6 жылында би болып, ғұмырын өмірдің қаны тамшылаған трагедиялық драмалардың ортасында өткізген [6,27-286].

Қазақ қоғамының осындай қалге жеткені оның егемендігінен айрылып бодан болғанында. Ал енді Абай осы отарлық заманынан қалай құтылу керек деген мәселеге, мейлінше, білім арқылы ғана қол жеткізу керек екенін, қазақ елінің отаршылдыққа қарсы күрес тәжірбиесін саралай отырып жеткізген. Жылдар бойы қолына қару алып күрескен ұлт-азаттық күрестер жеңіліс тауып отырды. Ең соңғысы Кенесары көтерілісі. Ендігі күрес білімді игеру жолында ғана болатынына Абай әбден сенген. Кейін Абайды хакім тұтқан Алаш қозғалысының көшбасында тұрғандар оның өсиетін іс жүзіне асырғандар болатын. Олар Ресей империясында білім алғандағы мақсаттары осы білімді құрал ретінде сол империяны құлатуға, қазақ елінің тәуелсіздігіне арнаған еді.

Абай өлеңдері мен қара сөздерінде білімге арналған көптеген жерлері бар. Ол білімнің мәні мен мағынасын ылғи да ашып отырады. Егер де Ж. Баласағұн кезінде білім біліктілікпен байланыстырыла айтылса, Абай заманында білім қоғамның бір әлеуметтік институты ретінде сол отаршыл заманға қызмет атқарғанына байланысты бөлшектенген кезеңі еді. Міне, сондықтан Абай білімнің ішкі мәнін ашуға көп күш жұмсайды.

Кеңестік заман кезінде Абайды ағартушы және де орыс білімін, мәдениетін қазақ қоғамына жеткізуші ретінде қарастырылатын. Ал оның білімге деген шын көзқарасы саналы саясат арқылы көлеңкеленетін еді. Абайдың мына өлеңінде осы жай ерекше көрінісін тапқан:

«Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам зәкіп білді деп
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шарифатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуды –
Білсемдеген таласы.
Прощение жазуға –
Тырысар келсе шамасы
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
болсам деген бәрінде ой
пайда ойлама, ар ойла,
талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме,

Оқалы киім киюге.
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға
Жанбай жатып сөнуге» [4,58-59б].

Тағы да: «дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл берсеңіз
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз» [4,61б]

Әбдірахманның өліміне арналған мына жолдарында:

Талаптың мініп тұлпарын
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді іңкәрің
Әр қиынға сермедің
Ортасында кәпірдің
Адамынан таппаған.
Өмір бойы талпынып,
Ғылым іздеп, жатпаған [4,165-166б].

Бұл келтірілген үзінділерде Абайдың білім деген ұғымның ішкі мәніне терең философиялық тұрғыдан қарағанын көреміз. Ол білімнің ар, ождан, адамзат, адам, кісі, адамгершілік, имандылық, махаббат және т.с. ұғымдар. Жүйесінде ғана қарастыру қажеттілігін дәлелдейді. Тек сонда ғана білім біліктілік деңгейіне көтерілетінін айтады. Сонымен қатар білім арқылы ғана адам, ұлт өз еркін, бостандығын, өзіне ғана тән тұлғалық, ұлттық бет пішінін, болмысын сақтайтынын айтады. «Ортасында кәпірдің арамынан татпаған» - деген сөзде тек қана мұсылман жемейтін тағамнан татпағаны ғана емес, адами, адамзаттық қағидаларға, ұстанымдарға қарсы келетін ілімдер мен білімдерді айтып отыр. Сондықтан да ол Салтыков пен Толстойлардың гуманистік білімдерін айырықша атап көрсетеді.

Қазіргі ХХІ ғасырда білімнің алатын орны өте ерекше. Білім арқылы қазақ қоғамы алдыңғы дамыған демократиялық елдер қатарына қосыла алады. Бірақта білімді адами, имандылық жүйесінен шығарып алсақ, онда ол қоғамға ең бірінші болып залал келтірері де сөзсіз. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан мемлекеті мен қазақ қоғамының алдында тұрған ең үлкен мәселелердің бірегейі де осы. Мәселе білімнің адами, гуманистік, имани тұрғыда болуы. Бұл тұрғыдан Жүсіп Баласағұн, Абай және солар сияқты бүкіл адамзатқа, соның ішінде түркі елдері, қазақ ұлтына қызмет еткен ғұлама гуманист, білікті, ойшыл, іскер бабаларымыздың еңбектерінің орны ерекше.

Қазіргі қазақ қоғамы мен білім саласында болып жатқан көптеген кемшіліктердің шешілу жолдарын да осы бабаларымыздың еңбектерін зерттеп одан үлгі, өсиет ала отырып қана болатынына әбден сенімдімін.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан халқына жолдау». 7 ақпан 2008 жыл «Егемен Қазақстан».
2. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. «Орхон ескерткіштерінің толық атласы». Астана, 2005 жыл.
3. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» Алматы, 1986 жыл 63-64 бет
4. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы, том 1.
5. Абай, том 2
6. Бейсенбай Байғалиев Абай өмірбаяны архив деректерінде. Алматы, 2001жыл.

Резюме

В статье дается социологическое осмысление исторических этапов взаимодействия общество и знание на примере казахского народа. Делается вывод о необходимости обращение к трудам выдающихся людей для разрешения сегодняшних проблем образование и общество.

ÖZET

Bu makalede Kazak halkının sosyal düşüncesinin toplum etkileşimi ve bilgisini tarihi dönemlerin esasından alınan örneklerle açıklanmaktadır. Günümüz eğitim ve toplumun sorunlarını çözümlemek için mümtaz bilginlerin eserlerine dayanarak açıklamaktadır.